



«БЕКІТЕМІН»

Кожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазак-түрік университетінің
президенті

Б.С.Абрасилов

2019 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТИНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

UE-XKTU-009-2019

**КОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ “СТОМАТОЛОГИЯ ФЫЛЫМИ ҚОҒАМЫ” ҰЙЫМЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

Стоматология факультетімен өзірленді және енгізілді

Әзірлеген – Стоматология факультетінің студенті М.Б.Байдрахман

- Келісілді
- Ректор өкілі, 1-ші Вице-президент
Женгиз Томар
 - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент
Ә. Үмбетов
 - Фылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент
К. Беркимбаев
 - Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент
Пусат Пилтен
 - Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі вице-президент
Ә.Әбуов
 - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
Ж. Дарибаев
 - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы F. Мұсаханов
 - Стоматология факультетінің деканы Керем Энгин Акпынар

Енгізілді – 2019

Тексеру мерзімі – 2021

Қызметтік қолданыс үшін басылым
Түркістан 2019 жыл

<i>Көжә Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-009-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стоматология ғылыми қоғамы		10 беттін 2 – беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5	Жалпы ережелер	4
6	Негізгі қызметтер мен міндеттер	4
7	Стоматология Ғылыми Қоғамының құрылымы	5
8	Стоматология Ғылыми Қоғамының құрамы мен жұмыс тәртібі	5
9	Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
10	Келісу, сақтау және тарату	7
11	Танысу парагы	9

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-009-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стоматология ғылыми қоғамы		10 беттін 3 – беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (әрі қарай Университет), Стоматология факультетінің «Стоматология Ғылыми Қоғамы» ерікті түрде тұрақты қызмет ететін алқалық орган болып табылады.

1.2 Осы Ереже университет Президентінің бұйрығы және Стоматология факультетінің жанындағы «Стоматология Ғылыми Қоғамы» мүшелері тағайындаған қызметтегі өкілдерімен пайдаланылуы тиіс.

1.3 Стоматология Ғылыми Қоғамы – Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР-ның «ҚР қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы басқа да актілеріне, Жастар саясатына сәйкес, сонымен қатар осы ережеге сәйкес қызмет жасайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл ережеде келесі нормативті құжаттарға сілтеме жасалған:

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағы, «Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығы,

Жас Фалымдар Кеңесінің Ережесі, Түркістан, 2015, Нормативті құжаттар жиынтығы – 2.

Университет Жарғысы, университет қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттары,

Өкілетті Кеңес мәжілісі 02.06.2012ж. № 42 ШЕШІМ

№ 17.2.1 Жұмыс тәртібі мен негіздері регламенті;

ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережедегі пайдаланылған терминдер және анықтамалар тізбесі:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

“Стоматология Ғылыми Қоғамы” үйімінің ережесі;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

СФҚ – Стоматология Ғылыми Қоғамы;

ЖОО – Жоғары оқу орындары.

4. ЖАУАПКЕРШІЛК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Ғылыми жұмыстардың және жобалардың ғылыми шеңберінде болуын қадағалау. (зерттеу негізінде болуы)

4.2 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Стоматология факультетінің деканы жауапты болып табылады.

4.3 Студенттің ғылыми жобасының тақырыбы бекітілген соң, оның толыққанды аяқталуын және ғылыми-студенттік аудиторияға жеткізе білуін қамтамасыз ету.

<i>Көнсі Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-009-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стоматология ғылыми қоғамы		10 беттің 4 – беті

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 СФҚ Университет, Стоматология факультетінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру аясындағы жас ғалымдар мен ерікті студенттердің арасындағы ұйым болып табылады.

5.2 Осы ереже бойынша жас ғалымдар қатарына университеттеге білім алушы барлық мамандық студенттері (бакалавр) жатқызылады.

5.3 СФҚ Университет жас ғалымдары мен жас ғалым мамандары көзқарастары мен қызығушылықтарын қолдайтын ғылыми іс-шаралар жүргізуі ұйымдастырушы ұжым болып табылады.

5.4 СФҚ қызметін бақылау мен қадағалау Стоматология факультетінің деканы арқылы бақыланады.

5.5 СФҚ-ны Стоматология факультетінің студенті - төраға басқарады, төраға СФҚ кеңесінен сайланады.

5.6 СФҚ заңды тұлға болып табылмайды және өз қызметін университет басшысымен бекіткен Жас ғалымдар Кеңесі туралы ережеге сәйкес іске асырады.

6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕР МЕН МІНДЕТТЕР

6.1 СФҚ негізгі мақсаттары:

6.1.1 Университет жастарының ғылыми зерттеу іс-әрекеттерін қолдап, жас ғалымдар талпынысына ықпал жасау;

6.1.2 Түркістан қ. Университет және басқа ЖОО базасында өтетін конференциялар, форумдар, дөңгелек үстелдер, дискуссиялар туралы ақпаратты тарату және қатысуға ықпал жасау;

6.1.3 Ғылыми шығармашылықтың әр түрін студенттер арасында насиҳаттау;

6.1.4 Қазақстан Республикасының басқа, ТМД елдерінің ЖОО-дарымен, сол сияқты алыс шетелдер ЖОО-дарымен СФҚ әріптестікті жүргізу;

6.1.5 Университет бойынша әртүрлі ұйымдастыруышық – бұқаралық және жарыс іс – шараларын ұйымдастыру және өткізу;

6.1.6 Жас ғалымдарға кәсіби деңгейлерін арттыруда жан-жақты көмек көрсету;

6.1.7 Ғылыми әлеуетті дамыту және жас ғалымдардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру;

6.2. СФҚ негізгі міндеттері:

6.2.1 Ғылыми білімді және ғылымның заманауи жетістіктерін насиҳаттау;

- Өз қызметі туралы ақпарат таратуға.

- БАҚ құруға.

- Жиналыстар өткізуге.

- Баспа қызметін жүзеге асыруға.

- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттілікті жүзеге асыруға құқылы.

6.2.2 Жас ғалымдардың ғылыми мақала жазып, сол мақалалармен түрлі Халықаралық және Республикалық ғылыми-теориялық немесе ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, өз мақалаларын ғылыми әдебиеттерге, журналдарға шығаруына жол ашу;

6.2.3 Жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін көтерумен қатар, қоғамдық іс-шараларға, тілдік мектептерге және арнайы тренингтер мен мастер-кластарға қатыстырып, жан-жақты, бәсекеге қабілетті болашақ сапалы мамандар дайындауға ықпал ету.

6.2.4 Халықаралық және Республикалық ғылыми-теориялық немесе ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар және конгресстер ұйымдастыру.

Көнжы Ахмет Ясауи атындагы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-009-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Стоматология ғылыми қоғамы		10 беттің 5 – беті

6.3.1 Университеттің жас ғалымдарының кәсіби өсуіне ықпал ету, жастардың ғылыми бастамаларын дамыту және жас ғылыми кадрларды университетте тұрақтандыру; университеттегі ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныс даярлау;

6.3.2 Жас ғалымдардың ғылыми қызметінің ұйымдастырылуы мен қаржылық қолдау көрсетілуіне және олардың Қазақстан мен шет елдерде өткізілетін түрлі ғылыми-зерттеу жобаларына, бағдарламаларға, ғылыми тағылымдамаларға, сайыстарға, ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуына ықпал ету;

6.3.3 Жас ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне қолдау көрсетіп, ғылыми әлеуетін арттыратын (грант бөлөтін) ғылыми жобалар, бағдарламалар мен қорлар туралы, еліміз бен шетелдегі ғылыми және білім беру орталықтары, сондай-ақ Қазақстан мен алыс және жақын шетелдерде өткізілетін іс-шаралар (конференциялар, семинарлар) туралы акпарат беру;

6.3.4 Үздік ғылыми-техникалық өнім конкурсын, ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізуге ықпал ету, жас ғалымдарға ғылыми мақалалары мен жобаларын және баяндамаларын жариялауға көмек көрсету;

6.3.5 Жас ғалымдарға F3Ж әдістемесі мен әдіснамасын менгеруге көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар өткізу; жас ғалымның ғылыми-техникалық және мәдени өсуіне ықпал ету;

6.4.1 Жас ғалымдардың еңбегі, тұрмысы мен демалысы мәселелері бойынша өзінің ұсыныстарын ректоратқа білдіру;

6.4.2 Жас ғалымдардың өздерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған бастамаларына қолдау көрсету;

6.4.3 Жас ғалымдардың этика және эстетика мәселелеріне мән аударып, өзіндік «Галым этикетін» құру; мәдени және коммуникация жағынан жетілдіру;

6.4.4 Жас ғалымдардың F3Ж ғылыми журналдар талап ететін деңгейде стандартизациялап, публикациялау машықтарын толық деңгейде жүзеге асыруға көмектесу;

6.4.5 Жас ғалымдардың MedLine және басқа да ірі ғылыми базалармен жұмыс істеу барысында ағылшын тілі машықтарын арттыру мақсатында «Ғылым мектебі» жанынан ашылған арнайы «тіл мектептеріне» қатыстыру.

7. СТОМАТОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

CFҚ құрамына кіреді:

- «Стоматология Ғылыми Қоғамы» кенесі;
- CFҚ жанында құрылған Ғылым мектебі;
- CFҚ жанында құрылған Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі;
- CFҚ жанында құрылған Халықаралық қатынастар мектебі;
- CFҚ жанында құрылған Ораторлық қабілет мектебі;

8. СТОМАТОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

8.1 CFҚ мүшесі осы Ережені толыққанды мойындайтын студенттер бола алады.

8.2 CFҚ мүшелеріне қойылатын талаптары:

8.2.1 Жыл сайын ғылыми жобалар жазу, ұсыну, бекіту және Халықаралық және Республикалық конференцияларға, конгресстерге және симпозиумдарға қатысу.

8.2.2 Қарым-қатынас жасай білу және ұйымдастыру қабілеттері, азаматтық, жеке және ғылыммен айналысу ұстанымының болуы, ғылыми қызығушылығы болуы керек;

<i>Көнсі Ахмет Ясауи атындагы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Университет ережесі</i>	УЕ-ХҚТУ-009-2019
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>		
<i>Стоматология ғылыми қоғамы</i>		10 беттің 6 – беті

8.2.3 СФҚ тәрағасы жас ғалымдардың жалпы жиналысында сайланады. Кеңес құрамы университет СФҚ-ның жиналысында бекітіледі. СФҚ құрамы университет (бакалавр) студенттерінен тұрады.

8.3 СФҚ мүшелігінен келесі жағдайларда шығарылады:

- СФҚ кеңесінің шешімімен;
- СФҚ мүшесі осы Ережені қатаң бұзғанда;
- СФҚ шешімін орындағанда;
- СФҚ құрамынан шығу туралы өз шешімін жазбаша хабарлағанда.

8.4 Стоматология ғылыми қоғамының мүшелерінің күкілтарты мен міндеттері бірдей.

СФҚ тәрағасы/төрайымы:

- СФҚ-ды қызметін басқарады;
- СФҚ-ның шешіміне және басқа да құжаттарына қол қояды;
- СФҚ-ның мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- СФҚ-ды шақыру және оның кезекті отырысын өткізу мерзімі туралы шешім қабылдайды;
- СФҚ-ның отырысын өткізеді;
- СФҚ-ның жұмыс жоспарын, отырыстың күн тәртібін және жұмысына қажетті басқа да құжаттарды бекітеді;
- СФҚ-ның қызметі туралы жылдық есептің дайындалуына басшылық жасайды;
- Факультеттермен осы Ережеге сай байланыс жасайды, және СФҚ осы Ережемен бекітілген қызметін орындауға жауапты болады. Тәраға болмаған жағдайда СФҚ қызметін оның орынбасары басқарады.

СФҚ тәрағасының орынбасары:

- СФҚ тәрағасы болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген өкілеттілік толық соның қолына көшеді.

СФҚ хатшысы:

- СФҚ отырысының күн тәртібі жобасын жасайды;
- СФҚ отырысын өткізуі үйымдастырады;
- СФҚ отырысы мен оның шешімін хаттамалайды;
- СФҚ шешімін мүдделі тұлғаларға жеткізеді.

СФҚ ішкі істер бойынша тәраға орынбасары:

- СФҚ арнайы мектептерінің жұмысын үйымдастырады және қадағалайды.
- Университет ішілік олимпиадалар, дөңгелек үстелдер және форумдар үйымдастырады. (факультеттер және кафедралар арасында)

СФҚ сыртқы істер бойынша тәраға орынбасары:

- СФҚ сыртқы ғылыми, ғылыми-техникалық және практикалық серіктестік бағытын іске асыру және халықаралық және республикалық беделін нығайтуға жәрдемдеседі;
- Халықаралық үйымдармен және басқада СФҚ дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыру, сонымен қатар серіктестік орнатады.

СФҚ PR жетекшісі:

- БАҚ құру, СФҚ жұмысы, ғылымның соңғы жағалықтары, ҚР және шет елдерде өтетін ғылыми іс-шаралар жайлар ақпаратпен қамтамасыз етеді. Дизайнерлік және компьютерлік міндеттемелерді орындауды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-009-2019</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Стоматология ғылыми қоғамы</i>		<i>10 беттің 7 – беті</i>

СФҚ Бағыт-бағдар нұсқауышы:

- СФҚ мүшесіне ғылыми жобаны іздену барысында туындаған сұраптар мен мәселелерді шешіп, СФҚ мүшесіне және ұйымға жаңадан келген студентке көмектесіп, бағыт-бағдар береді.

СФҚ Бухгалтері:

- СФҚ қаржатын реттейді сонымен қатар оның жылдық есебін береді.

СФҚ мүшесінің құқықтары:

- СФҚ басшы органдарын сайлау және сайлану;
- СФҚ отырыстарына катысу, бастама көтеру, өз көзқарасын білдіру, СФҚ қаарына ұсыныс енгізу және белгіленген регламентке сай қарастырылып отырған барлық мәселелерді ашық талқылауға катысу.

СФҚ мүшесінің міндеттері:

- Осы Ережені ұстану және СФҚ шешімін орындау;
- Өзіне жүктелген міндеттерді орындау, өз қызметінде СФҚ-ның мақсаты, міндеті мен принциптерін басшылыққа алу;
- Әрбір СФҚ мүшесі немесе жаңадан тіркелген жас ғалым өзінің портфолиосында кем дегенде 2 мақала болуы тиіс (ВАК журналы, РИНЦ, e.library, импакт-фактор, Республикалық деңгейдегі журналдар, Хабаршы және т.б.);
- СФҚ оның қызметіне қатысты тапсырмаларды орындау туралы жазбаша не ауызша хабар алғанда, өз жауабын белгіленген тәртіпте, көрсетілген мерзімде беру;
- СФҚ-ның қызметінен хабардар болу;
- СФҚ-ның атқаратын іс-шараларына қатысу;
- СФҚ құзырлығындағы өзінің қандай да бір қызметінде СФҚ шешімін ұстану.

9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу КП-ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Стоматология факультетіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

10.2 Осы университет ережесін талқылау Факультет кеңесінде жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

10.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Ректор өкілі, 1-ші Вице-президент

Женгиз Томар

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Ө. Үмбетов

Ғылыми-зерттеу істер жөніндегі
вице-президент

К. Беркимбаев

Даму және қаржыландыру жөніндегі
вице-президент

Пусат Питлен

Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі
вице-президент

Ә. Эбуов

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа
орталығының басшысы

Ж. Дарибаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

Г. Мұсаханов

Стоматология факультетінің деканы

Керем Энгин Акпинар